

2025-2026 оқу жылының жартыжылдығында (қыркүйек, қазан, қараша және желтоқсан айлары) дін саласына байланысты атқарылған жұмыстардың АҚПАРАТЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №640 бұйрығы бойынша Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыным бекітілген болатын. Аталған әдістемелік ұсынымда «Діни сауаттылықты дамыту, діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу» бағытын жүзеге асыру міндеті қамтылған. Дулати университетінің Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев институт және факультеттермен бірлесе отырып, студенттер арасында дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында жоспарға сай жұмыс жасауда.

БАҚ және республикалық интернет сайттарда жарияланған мақалалар:

19 қыркүйекте Республикалық «[ABAI.KZ](https://abai.kz)» ақпараттық порталында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың "Қазақтың мұсылмандық дүниетанымындағы ихсан ілімі" тақырыбында танымдық мақаласы жарияланды. (<https://abai.kz/post/204668>)

02 желтоқсанда Республикалық «[ABAI.KZ](https://abai.kz)» ақпараттық порталында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың "Ясауи ілімі" тақырыбында танымдық мақаласы жарияланды. (<https://abai.kz/post/208263>)

05 желтоқсанда «TARAZ 24» телеарнасының «YouTube» каналында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың «Іектен шыққан сенімнің соңы неге апарады» тақырыбында берілген сұхбаты (https://youtu.be/Q6IU8PjiUQ?si=q_rba_Gl15Lw5Tp)

11 желтоқсанда «Jambyl» телеарнасының «Біздің пікір» бағдарламасына Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев қатысып, «Қазақ отбасында әкенің орны қандай болған? Қазір қандай?» тақырыбында өтілген сұхбатқа қатысты. (<https://jambyl.tv/kz/kz/videos/9277>)

Жалпы саны – 3.

Діни сауаттылықты қалыптастыру бойынша өткізілген сауалнама ақпараты:

2025 жылы 24-30 қараша аралығында студенттердің діни сауаттылығын арттыру бойынша «Студент жастардың діни сауаттылығын арттыру бойынша талдау жасау» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамада қазақ және орыс тілінде 20 сұрақ қамтылды. Жалпы сауалнамаға **1359** респондент қатысты. Факультет бойынша көрсеткіш:

1. «Технологиялық» факультеті – **388** (28,8%);
2. «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 286 (21,2%);
3. «Экономика және құқық» факультеті – 265 (19,6%);
4. «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті - 183 (13,6%);
5. «Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті 128 (9,5%);
6. «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 99 (7,3%).

Жалпы саны – 1.

Жатақханаларда конфессияаралық және этносаралық келісімді сақтау бағытында өткізілген іс шаралар:

01 қазанда университетінің №2 студенттік үйінде Басқарма мүшесі - Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Тұрлыбек және Әлеуметтік жұмыс басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың қатысуымен жатақханада тұратын студенттермен тәлім-тәрбие жұмыстары және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселесі бойынша кездесу өткізілді. Шара барысында студенттердің қоғамдық орындардағы мәдениеті, бір-біріне құрметпен қарау, конфессия және этносаралық қатынасты сақтау, тазалықты сақтау, уақыт тәртібін орындау, құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Сонымен қатар, жатақханадағы қауіпсіздік талаптары, түнгі тыныштықты сақтау, ортақ мүлікті қорғау және тәртіп бұзушылықтың алдын алу жолдары айтылды. Кездесудің мақсаты – студенттер арасында тәртіпті нығайту, жауапкершілік сезімін арттыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру. (<https://www.facebook.com/share/p/1AjXVJVfvR/>)

22 қазанда М.Х. Дулати атындағы Тараз университетіне қарасты Қаратау тау-кен технологиялық колледжінде дін саласында ақпараттық түсіндіру жұмысы жүргізілді. Іс-шара университетінің №1 жатақханасында өткізілді. Іс шараға Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б. Алпысбаев шақырылып, студенттерге діни экстремизм көріністерін алдын алу, студенттер арасында конфессия және этносаралық қатынасты сақтау, интернет желісінде күмәнді діни парақшаларға тіркелмеуге және дін саласын реттейтін заңдық нормаларға тоқталып өтті. (<https://www.facebook.com/share/p/1Jmdym241c/>)

Жалпы саны – 2.

«Діни сауаттылықты қалыптастыру» бағытында және «Адал азамат», «Толық адам» қағидаты аясында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар:

08 қыркүйекте Әлеуметтік жұмыс басқармасы тарапынан «Технология» факультетінің 1-курс студенттеріне әртүрлі бағыттар бойынша тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды. Кездесуге дінтану маманы Б.Қ. Алпысбаев пен психолог С.Н. Момынова қатысып, студенттерге жаңа ортаға бейімделу, өзін-өзі дамыту, эмоциялық тұрақтылықты нығайту және радикалдық діни идеялардың ықпалынан қорғау, діни сауаттылықты арттыру мәселесі жеткізілді. (<https://www.facebook.com/share/p/1DC9564C2q/>)

09 қыркүйекте Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен "Экономика және құқық" факультетінің 1 курс студенттеріне арналған руханилық және психологиялық бағытта кездесу өтілді. Аталған кездесуде алғашқы сөзді Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор А.Е. Тұрлыбек студенттерге білімді тұлға болып қалыптасуына, білім жолында сәттілік тіледі. Ары қарай басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев еліміздегі дін саласын реттейтін заңдық нормаларға тоқталса, психолог С.Н.Момынова буллинг, лудомания, суицидтің алдын алу жолдарына кеңінен ақпараттарды жеткізді. (<https://www.facebook.com/share/p/19MadcqyL7/>)

10 қыркүйекте «Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің 1 курс студенттеріне арналған "Студенттерді жаңа ортаға бейімдеу және жан-жақты даму" тақырыпта кездесу өтілді. Аталған кездесуге Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Қ.Алпысбаев, психологтар С.Н.Момынова және З.А.Дәуренова қатысты. Кездесуде психолог маман студенттерге жас ерекшелігіне байланысты туындайтын қиындықтарды еңсеру, стрессті басқару және өзін-өзі тану жолдары жөнінде пайдалы кеңестер берді. Сонымен қатар дінтанушы маман рухани құндылықтардың мәні, ізгілік пен толеранттылықтың қоғамдағы рөлі туралы ой бөлісті. (<https://www.facebook.com/share/p/1Qpuptk57X/>)

11 қыркүйекте «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің 1-курс студенттеріне арналған дін және психология бағытындағы танымдық кездесу өтті. Шараның негізгі мақсаты – жастардың рухани көзқарасын кеңейту, психологиялық тұрақтылығын нығайту және діннің адам өміріндегі орнын түсіндіру болды. Кездесуге психолог маман қатысып, студенттерге жас ерекшелігіне байланысты туындайтын қиындықтарды еңсеру, стрессті басқару және өзін-өзі тану жолдары жөнінде пайдалы кеңестер берді. Сонымен қатар дінтанушы маман рухани құндылықтардың мәні, ізгілік пен толеранттылықтың қоғамдағы рөлі туралы ой бөлісті. (<https://www.facebook.com/share/p/1FvS2uF6qo/>)

12 қыркүйекте «Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультетінің 1 курс студенттеріне ұлттық тәрбиені қалыптастыру, діни экстремизмнің алдын-алу және әлеуметтік ортаға бейімдеу, тұлғалық әлеуетін ашу бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараға Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

А.Тұрлыбек, басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев, психологі С.Момынова және DU UNION президенті А.Тоқпанова қатысты. Шараның негізгі мақсаты – жастардың рухани көзқарасын кеңейту, психологиялық тұрақтылығын нығайту және діннің адам өміріндегі орнын түсіндіру болды.

(<https://www.facebook.com/share/p/1aWTQRsTBo/>)

25 қыркүйекте Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаментінде "Еңбек күні" атап өтілді. Аталған кездесуге Б.Алпысбаев қызмет хат арқылы шақырылып, жеке құрамға Хәкім Абайдың «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деп айтқандай, адал еңбек адамды адалдыққа, табандылыққа, жауапкершілікке жеткізетіндігі туралы атап өтті. Еңбек күні – еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін көтеруді, жас ұрпақты адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуді, сондай-ақ еңбек әулеттерінің өнегесін дәріптеуді көздейді. (<https://www.facebook.com/share/p/17H4r3m2Jz/>)

01 қазанда университет қабырғасында мемлекет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдық мерейтойына орай «Міржақып Дулатұлының рухани мұрасы және ұлттық ағартушылық идеялары» атты ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев спикер ретінде қатысып, студентте жастарға ұлттық тәрбие құндылықтары, қазақ ойшылдардың діни мұралары туралы баяндама жасады. (<https://www.facebook.com/share/v/17NzXQcqfc/>)

14 қазанда университет қабырғасында «Экономика және құқық» факультеті және Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаевтың ұйымдастыруымен «Төтенше жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында студенттерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталған іс-шарада Б.Алпысбаев модератор ретінде жүргізді. Кездесу мақсаты – студенттердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, қоғамда төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша азаматтық жауапкершілікті күшейту. (<https://www.facebook.com/share/v/1GzVySvUit/>)

21 қазанда Әлеуметтік жұмыс басқармасының бас маманы Б.Алпысбаевтың ұйымдастыруымен "Педагогика және әлеуметтік ғылымдар" факультетінің студенттеріне төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша кездесу өткізілді. Қатысқан қонақтар: Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы азаматтық қорғау капитаны Өтешов Бахытжан Бөгенбайұлы және аға инженері азаматтық қорғау капитаны Алмабек Қайрат Қанатұлы. Кездесу барысында мамандар студенттерге өрттің алдын алу ережелері, төтенше жағдайда әрекет ету тәртібі, және өрт сөндіру құралдарын қолдану тәсілдері жөнінде жан-жақты ақпарат берді. (<https://www.facebook.com/share/p/1HZKXshuzF/>)

22 қазанда Әлеуметтік жұмыс басқармасының бастамасымен студент жастардың қаржылық мәдениетін қалыптастыру бойынша семинар ұйымдастырылды. Іс шараны модератор ретінде Алпысбаев Бахтияр Қаржаубайұлы жүргізіп отырды. Іс-шара барысында студенттерге жеке қаржыны басқару, бюджет жоспарлау, несие мен қарызды дұрыс пайдалану, қаржы пирамидалары мен интернет-алаяқтықтан сақтану тақырыптарында кеңестер берілді. (<https://www.facebook.com/share/p/1BEpMpi6Bh/>)

28 қазанда Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев университетінің белсенді студент жастарымен кездесті. Кездесу барысында Б.Алпысбаев студенттерге ұлттық тәрбие құндылықтары, қоғамдағы діни экстремизм мен терроризм көріністерін алдын алуы, дін саласын реттейтін заңдық нормалар, ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру бағыттары, дін мен дәстүр сабақтастығы, қазақ ойшылдардың рухани мұралары және жастардың діни сауаттылығын арттырудың маңыздылығына, өзектілігіне тоқталды. Студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылып, оларға дінтанулық танымда жауаптар берілді. (<https://www.facebook.com/share/p/17gTh8gz2c/>)

19 қарашада «Ағылшын филологиясы», «Аударма ісі» мамандығының 1- курс студенттеріне дін саласында ақпараттық-түсіндіру жұмысы өтілді. Аталған кездесуге Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев және "Шетел филологиясы және аударма ісі" кафедрасының оқытушылары Есеева Айниса Бериковна, Абдраймова Салтанат қатысты. Жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, радикалды идеологияның алдын алу және зайырлы қоғам қағидаттарын түсіндіру бағытында мазмұнды әңгіме жүргізілді.

[\(https://www.facebook.com/share/p/182esNXVS5/\)](https://www.facebook.com/share/p/182esNXVS5/)

21 қарашада Дулати университетінің құрамындағы Қаратау тау-кен технологиялық колледжінің 1 курс студенттеріне дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу барысында Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев қатысып, студенттерге қоғамдағы діни жағдаймен таныстырып өтті. Ең бастысы жастардың діни сауаттылығы және рухани имунитеті жоғары болса, онда олар деструктивті діни ағымдардың ықпалынан алыс болады.

[\(https://www.facebook.com/share/p/1KWv2WZQGG/\)](https://www.facebook.com/share/p/1KWv2WZQGG/)

02 желтоқсанда Әлеуметтік жұмыс басқармасы және «Практикалық шет тілдері» кафедрасының кураторлары Бектұрсынова Ә.М., Зауырбек А.Б. өзара бірлесіп, "Филология және гуманитарлық ғылымдар" факультетіне қарасты "Шет тілдері" мамандығының 1 курс студенттеріне "Жастар және дін" аясында кездесу іс шарасы өткізілді. Кездесудің мақсаты - студент жастарға қоғамдағы діни жағдаймен таныстырып, радикалдық діни идеологиялардың ықпалынан қорғау және діни сауаттылықты арттыру болып табылады. Әлеуметтік жұмыс басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев өз баяндамасында студенттерге діни фанатизмнің қауіп қатері туралы түсіндіріп өтті.

[\(https://www.facebook.com/share/p/1A1jJqA9Fx/\)](https://www.facebook.com/share/p/1A1jJqA9Fx/)

04 желтоқсанда «Жаратылыстану ғылымдары» факультеті және Әлеуметтік жұмыс басқармасы өзара бірлесіп, «Математика» білім бағдарламасының 1 курс студенттер арасында діни экстремизм көріністерін алдын алу, діни сауаттылықты арттыру және деструктивті діни ағымдардың ықпалынан қорғау мәселесінде кездесу іс шарасын ұйымдастырды. Аталған кездесуге Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев шақырылып, студент жастарға Қазақстандағы діни заңнамалар, интернет кеңістігіндегі күмәнді діни топтардың белгілері және олардың жастарға тигізетін ықпалы туралы жан-жақты түсіндірді.

[\(https://www.facebook.com/share/p/17ZS7J5P3Y/\)](https://www.facebook.com/share/p/17ZS7J5P3Y/)

04 желтоқсанда «Жаратылыстану ғылымдары» факультетінің «Биология», «Физика», «Химия», «Тарих және география» білім бағдарламасының 1 курс студенттеріне дін саласына байланысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түсіндіру барысында қазақ халқының мұсылмандық болмысы, қазақ ойшылдардың діни мұралары, интернет кеңістігіндегі діни экстремизмдік контекстерден сақ болу жолдары және дін саласын реттейтін заңнамалар кең көлемде жеткізілді. Көптеген сұрақтар қойылып, оларға жауаптар берілді. Қатысқандар: Факультеттің тәрбие жөніндегі декан орынбасары, аға кураторлар және дінтанушы маман.

[\(https://www.facebook.com/share/p/1YtuNuUYpH/\)](https://www.facebook.com/share/p/1YtuNuUYpH/)

Жалпы саны – **16.**

Барлығы – **22.**